


***Көрнекіліктер және
оның түрлері***

The background is a solid light green color with several white butterfly silhouettes scattered across it. The butterflies are in various sizes and orientations, some appearing to fly towards the left and others towards the right. The text is centered on the page.

□ Көрнекілік – оқу материалын оқушы көңіліне оңай да, әсерлі жолмен жеткізуші көмекші құрал.

Көрнекіліктің маңызы, тиімділігі неде?


1. Білім мазмұнын байыта түседі.
2. Есту арқылы алған білімін көру арқылы бекіте түседі.
3. Оқушылардың ынтасын, қызығушылығын арттырады, ойлау, таным белсенділіктерін, көркем тілін дамытады.
4. Эмоциясына әсер етеді.
5. Алған білімдерін практикада жүзеге асыруға жетелейді.

Көрнекілікпен оқытудағы басты мақсат – оқушыны байқағыштыққа, оймен топшылауға жаттықтыру. Өзінің байқағандарын сөзбен айтып бере білуге, одан логикалық қорытынды шығаруға үйрету. (К. Д. Ушинский)

Көрнекіліктерді қолдан жасау – аса күрделі дүние. Оған қойылатын басты талаптар мыналар:

- Жазуын соңғы партада отыратын бала да оқи алатындай болу керек.
- Көркемдеуі, безендіруі, бояулары әлем-жәлем емес, қарапайым, оқушы жан жүйесіне, көру қабілетіне кері әсер етпейтіндей, мектеп гигиенасына сай жасалуы керек.
- Қолдануға оңай әрі мазмұнды болуы керек.
- Тұжырымдылық, нақтылық, ғылыми жағынан тереңдік те басты шарт.

Сабаққа қажетті дидактикалық көрнекі құралдардың түрлері:



Заттық, образдық, графикалық

Көркемсөз шеберлерінің өмір жолын, шығармашылығын оқыту үстінде қолданылатын заттар, бейнелі суреттер (портреттер) шығармашылығы, өмір жолының сандық тізбектері

Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсіреповтың өмірі, шығармашылығы туралы баяндалғанда соларға байланысты бейнелі, тарихи мәні бар суреттері, туған жердің сұлу табиғаты, ақын-жазушылар жүрген жағрафиялық аймақтары, музейі, ескерткіштері, жерсу, мекендердің аттарын тиімді пайдалану.

Синтетикалық, синхроникалық кестелер

- Арнайы ақын-жазушылардың шығармаларына тақырыптық бейнеде,
- Образды бейнеде берілетін кестелер.

Буклеттер, альбомдар

- Ақын-жазушылардың өмір-жолына арналып жасалатын бейнелі суреттер.

Тірек сигналдары

- Тірек конспектісі – негізгі материалдан ең негізгілерін бөліп алу керек.
- Тірек плакаты – ақын-жазушылардың даталы, тарихи оқиғалары мен шығармаларының аты қай жылы жазылған анықтамасының көрсеткіші.

Кеспе, үлестірмелі қағаздар

- Жеке ақын-жазушылардың көркем шығармалары бойынша жасалады.
- Оқушының өзіндік, шығармашылық жұмыстарды орындау мақсатында пайдаланады.

Техникалық оқу құралдары

Экрандық
техникалық
құралдар

Дыбыстық
техникалық
құралдар

Экрандық техникалық құралдар

Киноаппарат,
эпидиаскоп,
кодоскоп, ЛЭТИ,
«Протон»,
«Свитязь»,
«Фильмоскоп»

Бұлар шағын көрнекі материалдарды (суреттерді, кесте) экранға түсіріп, сабақ мазмұнына байланысты қажетті қосалқы материалдарды көрсетуге арналған.

Иллюстрациялық кестелер, диапозитив, диафильм, кинофильм мен теледидар

ДЫБЫСТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ құралдар

Арнайы
жазбаларды,
диктордың
көркем сөз
шеберлерінің,
қоғам
қайраткерлерінің
сөздерін
тыңдауға;

Оқушылардың,
мұғалімнің өз
сөздерін жазуға,
талдауға
мүмкіндік
жасайды.

Радиохабарлар,
күйтабақтағы
жазба, магниттік
жазба

*Я. А. Каменский «Алты ереже»
атты еңбегінде: «Көрінетіннің бәрін
көзге, естілетіннің бәрін құлаққа,
сезілетіннің бәрін қолға беру керек», -
деп атап көрсеткен.*

Көруге негізделген көрнекіліктер

- Иллюстрациялар, бейнелеу өнерінің туындылары, мүсін, сәулет өнерінің шығармалары, графикалық материалдар (сызба, кесте-плакат), портрет, фотографиялар, макеттер, альбомдар

Естуге негізделген көрнекіліктер

- Ақын-жазушылар даусы, шығармалары жазылған күйтабақтар, не олар туралы ұнтаспаға жазылған естеліктер, музыка туындылары, ертегі, батырлар жыры, әңгіме, өлеңдер, артистер оқуындағы басқа да шығармалар

Көру, есту көрнекіліктерінің екеуіне де жататын

- Кино, телехабарлар оқу фильмдері

Көркем шығармаға пайдаланылатын көрнекіліктердің жасалу жүйесін В. В. Глубков өзінің «Әдебиетті оқыту методикасы» атты еңбегінде үш түрге бөледі:

Образды сөз өрнегі (оқу, декламация, көркем баяндау (әңгімелеу) арқылы орындалатын поэзиялық, прозалық үзінділер

Көркем бейнелі (түрлі портреттер, пейзаждар, қолжазбалардағы суреттер)

Графикалық көрнекіліктер (тақтаға жазылған сандық мәліметтер, кестелер, диаграммалар)

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА КӨБІНЕ КӨРУГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН КӨРНЕКІЛІКТЕР ЖИІ ПАЙДАЛАНЫЛАДЫ.

- **ЖАЗУШЫ ПОРТРЕТІ**
- **ФОТОСУРЕТТЕР**
- **СЫЗБА**
- **КАРТА**
- **КЕСТЕ-ПЛАКАТ**
- **СИНХРОНДЫ КЕСТЕЛЕР**
- **ДИАФИЛЬМДЕР**

Кесте-сызбаның ең бір тиімді түрі – «Нені міндетті түрде білу керек?» деген көмек-нұсқау көрнекілігі.

- Ыбырай Алтынсаринге былайша кесте-плакат жасауға болады:

«Қазақтан шыққан ұлы педагог»

портреті

Ыбырай Алтынсарин – тұңғыш педагог, балалар әдебиетінің атасы, оқулық жазушысы, кітап жазушы, мектептер ашушы, аудармашы.

Өлеңдері, оның тақырыбы: 1. Оқу, білім туралы – «Кел, балалар, оқылық», «Өнер-білім бар жұрттар».

2. Табиғат лирикасы: «Өзен», «Жаз».

3. Әлеуметтік мәселелерге: «Залым Төреге», «Азған елдің байлары», «Азған елдің молдасы».

Әңгімелері, тақырыбы: 1. Тәрбие мәселелері: «Бақша ағаштары», «Талаптың пайдасы», «Мейірімді бала».

2. Еңбек мәселелері: «Асан мен Үсен», «Қыпшақ Сейітқұл», «Әке мен бала», «Атымтай Жомарт».

Пайдаланылған әдебиеттер:

- Айтжанова Құттыгүл. Қазақ әдебиетін оқыту әдіснамасы. Оқу құралы. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 326 б.
- Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі: Педагогикалық оқу орындарына арн.оқулық.- Алматы: Рауан, 1997.- 288б.

Забидуллаева Жұлдыз
KZL-3